



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

3 мамыр
сенбі


№32 (2145)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ПЛОТИНА ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?

*Суымың дән қаулайды тамшысынан,
Толқыға бөгет салсаң қарсысынан,
Мың есе пайда берсе тасқын күші,
түспей ме алтын сақам алысынан...*
Меңдияр Кіикбаев

1943 жылы 23 қарашада Сырдария өзені бойындағы Қызылорда плотина құрылысы жайлы облыстық партия комитетінің және Қызылорда облыстық еңбекші депутаттар кеңесі атқару комитетінің қаулысы қабылданған түпнұсқасы «Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ-нің «Қоғамдық-саяси тарихы архиві» филиалы архив қорларындағы облыстық партия комитетінің құжаттарында сақталған.

1945 жылы 5 қарашада облыстық партия комитетінің ҚК(б)П обкомының үгіт-насихат бөлімі ұсынған Қызылорда плотина (су қоймасының) құрылысшылары арасында үгіт-насихат және мәдени жұмыс жүргізу шараларын бекіту жайлы қаулысы қабылданып, бастауыш партия ұйымдарына осы тапсырманы орындауға міндеттелгені де үлкен бастамаға даңғыл жол еді.

1945 жылы 8 сәуір қазақ халқы тарихына даңқты ұмытылмас күн болып енді. Өйткені бұл күн – КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық комитетінің 1940 жылғы 26 сәуірдегі «Қазақ ССР-ның оңтүстік облыстарында ауыл шаруашылығын, әсіресе техникалық егістерін бұдан былай да өрістеті беру шаралары туралы» тарихи қаулысының іске асуының басталған күні. Плотина құрылысының жұмысы облысымыздың партия және кеңес ұйымдары мен барлық еңбекшілерінің алдында тұрған саяси-шаруашылық маңызы зор күрделі міндет болып саналған.

2-БЕТТЕ

Облыс орталығында «Достық үйінің» жаңа ғимаратының іргетасы қаланды. Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бактиярұлы, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов пен зиялы қауым өкілдері қатысты.



«ДОСТЫҚ ҮЙІНІҢ» ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ




2-БЕТТЕ

ӨНЕР МЕРЕКЕСІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Әлем сүйген театр ғажайыбы Сыр өңірінде өз биігін бағындырды. Бір апта бойы қызылордалықтарға әдемі әсер қалдырған фестиваль әлемдік деңгейде аталып өтті. Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдық мерейтойына арналған КСРО халық әртісі Сәбира Майқанова атындағы «Сырдың Сәбирасы – I» халықаралық фестивалі облыс әкімдігінің қолдауымен өтті. Жабылу салтанатына Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов қатысты.

4-БЕТТЕ



«Яндекс такси»

бағасы өзгере ме?

Қала жыл өткен сайын кеңейіп келеді. Оны қызу жүріп жатқан құрылыс қарқынынан байқауға болады. Осындай шақта уақытты үнемдеу әрі межеленген жерге тез әрі қауіпсіз жету әрбір тұрғын үшін маңызды. Сұранысты қанағаттандыруға тасымалдау сервистері, үйде отырып такси шақыру қызметі белсенді жұмыс істеуде. Әркім өз ыңғайына қарай такси сервистерін таңдайды. Дегенмен бұл тұрарында да мәселе жоқ емес. Халық арасында бағаны негізсіз көтеру сынды наразылықтар кездеседі.

Жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Яндекс Global» компаниясының бас директоры Даниил Шулейконы қабылдады. Кездесуде Yandex Qazaqstan компаниясының еліміздегі қызметінің негізгі бағыттары мен даму жоспары талқыланды. Компания 2024 жылы Қазақстан бюджетіне 29,5 млрд теңге көлемінде салық төлеген. Ал 2016 жылдан бері ел экономикасына 225 млрд теңгеден астам инвестиция салған. Президент Yandex Qazaqstan-ның цифрлық трансформация, шағын және орта бизнесті қолдау, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру жолындағы үлесін жоғары бағалап, жасанды интеллект белсенді дамып жатқан кезеңде қазақ тілі мен мәдениетін цифрлық кеңістікте ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті. Өз кезегінде Даниил Шулейко: «Яндекс Такси» платформасы арқылы 65 мыңнан астам жүргізуші әлеуметтік қорғауға ие болғанын айтты.

2-БЕТТЕ



ЖҮРЕКТЕН-ЖҮРЕККЕ ЖЕТЕТІН МЕЙІРІМ

Жазатайым оқиға кезінде зардап шеккендерге, қан аздықтың ауыр түріне шалдыққан балалар мен босану кезінде көп қан жоғалтқан аналарға ең алдымен қан керек. Мұндай шақта адам жанына араша болатын ең бірінші донорлар екені белгілі. Екінші бірі қан доноры болуға келісе қоймайтыны да тағы бар. Өз қанын өзгеге ұсына отырып, өлім аузындағы адамға өмір сыйлайтын жандар қашан да мақтауға лайық. Осы орайда жанадан бой көтерген сол жағалаудағы қан орталығы 1 жылдан бері қызмет етіп келеді.

Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, жыл сайын әлем бойынша шамамен 118,5 миллион қан донациясы жиналады. Соның 40 пайызы дамыған мемлекеттерге тиесілі. Ал әлем халқының тек 16 пайызы ғана дамыған мемлекеттерде өмір сүреді десек, елімізде әлі де қан донорлары ауадай қажет. Облыс әкімінің ықпал етуімен осы олқылықтың орнын толтыру үшін 2024 жылдың ортасынан бастап қан орталығы жаңа ғимаратқа көшті. Бұл орталық облыс бойынша 7 аудан мен 16 медициналық ұйымын қанмен қамтамасыз етуде.

– Жаңа ғимаратқа көшкеннен бері 13 мыңнан астам тұрғын қан доноры болуға ниеттенген. Олардың ішінде 2464 адамның қарсы көрсетілімдері болуына байланысты донорлықтан алыстатылды. Жалпы жыл көлемінде 9000 литр көлемінде қан дайындалды. Қан донорларынан 450 мл және талдау үшін 50 мл мөлшерінде қан алынады, – деді облыстық қан орталығының директоры Серік Қуандықұлы.

2-БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

Сыртына қарап 100 жылға жуық уақыт тұрған ғимарат деп ойламайсыз. Заманға сай құрылыс жүріп, сырты қапталған бұл мекеме туралы білесіз бе? Ғимарат алдынан өткен қала тұрғындарынан сұрағанда көпшілігі білмейтінін айтты. Тек Лариса есімді қала тұрғыны бұрын бұл ғимаратта ағасының жұмыс істегенін жеткізді. Тарихи ғимарат туралы аз-кем әңгіме қозғайық.

ҒАСЫР СЫРЫН САҚТАҒАН ҒИМАРАТ



1925 жылдың 19 маусымда Қызылорда қаласының құрылысына басшылық жасау үшін Халық комиссарлар кеңесі жанынан Құрылыс комитеті құрылады. Комитет төрағасы Абылай Серғазиев тағайындалып, оның техникалық жағынан орынбасары қызметіне инженер Мұхамеджан Тынышбаев бекітілді. Осы тұста қалада жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілген еді. Архивтік деректерге сүйенсек, бұл жылы 98 ғимаратқа жөндеу жұмыстары басталып, сонымен бірге 1 500 тұрғын үйге де күрделі жөндеу жасалған. 1925 жылға дейін қаладағы үйлер, вокзал, депо, су тартқыш мұнаралары ескі үлгіде яғни «кірпіш стилі» нұсқасында салынған.

2-БЕТТЕ

ЕҢБЕК АДАМЫ

Маңдайдан аққан әр тамшы жерге түсіп дән болар...



Мандайындағы терді ормалмен сүртіп, айналаға қарады. Әлі алда жүздеген гектар алқап бар. Оның барлығына уақытынан кешікпей, дәнді сеуіп үлгеру керек. Күн қызып кетсе, жерге тастаған дәнің еңбекті ақтамайды. Айналаға бір қарап, сырты киізбен оралған құтыдағы салқын айранды сіміре салып, қайтадан жұмысқа кірісті.

Бұл – тракторшы Ализат Хамзаев.

– Інім-ау, қазір бізде бір сәт аялдарға уақыт жоқ қой. Саған сұхбат беру үшін бірнеше сағат бос болып, арқаны кеңге салып, қасында отыруым керек шығар, – деді де дән сепкіштің оны-мұнысын тазалай бастады. – Негізі мен жұмыс істеп жүріп, сөйлей беремін. Дұрысы осы-ау, әрі уақытты үнемдейміз.

2-БЕТТЕ

«ДОСТЫҚ ҮЙІНІҢ» ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарды Қазақстан халқының бірлігі күнімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығымен құттықтады.

Басы 1-бетте

– Береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына биыл 30 жыл толды. Бұл құрылым бүгінде халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпыұлттық келісімнің негізіне айналды. Мемлекет

басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында: «Быттыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа «Достық үйі» ашылды. «Достық үйі» тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарлануда. Мен бұл бастаманы

қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек», – деген болатын. Жаңа «Достық үйі» – аймағымыздың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктер мен ассамблея белсенділері үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады, – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мейірган Юсупов «Достық үйі» ел игілігіне, жақсылыққа қызмет етсін деген тілегін білдірді.

«Достық үйінің» жаңа ғимараты «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен бой көтерді. Оған 3 млрд 800 млн теңге қаржы жұмсалмақ.

Бүгінде өңірімізде 30-дан астам этнос өкілдері тұрады. Жерлестеріміз Сыр өңірінің түрлі салаларының дамуына атсалысып, үлестерін қосуда. Татулық пен келісімнің киелі шаңырағына айналатын жаңа ғимарат этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін дамытуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

«Ақмешіт-ақпарат»



Аудандардағы және облыс орталығындағы қан өнімдерін шұғыл жағдайда жиі пайдаланатын медицина ұйымдары нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қорғалады. Медицина ұйымдарына жіберілген қан компоненттері иммунологиялық және инфекциялық қауіпсіздік жағынан толығымен қамтамасыз етілген. Қан қоры абайсызда жаракат алған науқастарға, дүниеге жаңа келген нәрестелер мен жас аналарға, қатерлі ісікке шалдыққан мұқтаж жандарға көмек көрсету мақсатында үздіксіз толықтырылып отырады.

сирек кездесетін қан таптары донорларын анықтап, донорлар базасына жаңарту мақсатында университеттер мен колледждерде іс-шаралар ұйымдастырамыз, – деді Серік Игембаев.

Сонымен бірге облыстағы медицина ұйымдарының қан өнімдеріне тапсырыстарын орындау мақсатында қан дайындау жоспарға сәйкес орындалуда. Донорлықты дамыту мақсатында оқу орындары, әскери бөлімдерде үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Белсенді қан беруші донорларға арнайы марапатталып,

ЖҮРЕКТЕН-ЖҮРЕККЕ ЖЕТЕТІН МЕЙІРІМ



– Донорлардан қан алғанда оның құрамының таза әрі қауіпсіз болғаны маңызды. Қан орталығында қан құрамын швейцариялық аппаратпен тексереді. Алынған қан үлгілеріне трансмиссифті инфекцияларға серологиялық талдау 2 кезеңде жүреді. 1-ші этапта ИХЛТ, ИФА әдісімен тексеріледі, 2-ші кезеңнен ПТР талдау әдісі қолданылады. Архитект аппаратымен 6 түрлі инфекцияға талдау жүреді. Бұл аппарат сағатына 50-ден 100 сынаққа дейін жасауға мүмкіндігі бар. Ал Cobas 5800 медициналық аппаратпен АИТВ, Гепатит инфекцияларына ПТР талдау алынады, – деді қан орталығының директоры.

Мамандардың айтуынша, дені сау адамға донор болудың келтіретін зияны жоқ. Донорлық қан көптеген адамның өмірін аман алып қалады. Донордан алынатын қан 450 мл көлемінде. Егер адам ағзасында 5 литр қан айналатынын ескерсек, мұндай мөлшерде қан беру денсаулыққа қауіп келтірмейді. Орталықта бір реттік құралдар ғана пайдаланылады. Ол түрлі инфекциялар жұқтырудың алдын алады. Донор бір рет қан өткізу арқылы орта есеппен үш адам өмірін құтқара алады екен. Ал жылына тұрақты түрде қан беретін донорлар 12 адамның өмірін аман алып қалуға сеп бола алады.

– Тұрақты донорлар жүрек-қан тамырлары ауруымен сирек ауырады. Сондай-ақ жаракат алғанда да жеңіл өткеріледі. Одан бөлек, мамандар ұдайы түрде қан өткізу өмірді 5-7 жылға ұзартады. Қазіргі таңда тұрғындар арасында ерікті донорлардың санын көбейте отырып,

алғыс хат беріледі. Облыстық әкім аппараты, дін басқармасы, жылу электр орталығы, облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу департаменті қызметкерлері қан доноры бойынша облыста белсенділер қатарында. Солардың ішінде қан беруді әдетке айналдырған Айдарбек Нұрлыбекұлы 2018 жылдан бері тұрақты түрде қан тапсырып келеді. Жылына 4 мәрте қан тапсыратын ол қазір 32 жаста. Алғаш қан тапсырған кезін еске алған Айдарбек Шаһанбеков арнайы акциямен келген қан орталығы қызметкерлерінен пайдасы туралы білген екен.

– Қан тапсыруға барғанда қанымның кою екенін білдім. Қызметкерлердің нұсқауы бойынша қан беріп болғаннан кейін бойымда жеңілдікті сезіндім. Мамандардың кеңесі бойынша 3 ай сайын қан тапсырып тұруды жолға қойдым. Тағы бір артықшылығы қан сараптама арқылы денсаулығымнан хабардар болып отырамын. Мұқтаж адамдарға көмегіміз тисін деген ойда жоқ емес, – деді ол.

Сонымен бірге ол мектеп оқушылармен арнайы қосымша дайындау үстінде. Жастарды қан доноры болуға ынталандыру мақсатында қолға алынған істің жаратысынан көбі дайын. «Нарру Donor» деп аталатын қосымша донорларға арнайы карта ашып бонус жинауға мүмкіндік береді екен. Жиналған бонус қоғамдық көлікте тегін жүруге, кинотеатрда кино көруге, кофе ішуге пайдалануға болады. Әйтсе де бұл стратегия жоба болғандықтан қолдауды талап етеді.

Думан КЕҢШІЛІК

Басы 1-бетте

ҒАСЫР СЫРЫН САҚТАҒАН ҒИМАРАТ

Тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайманның айтуынша сол кездегі жаңа қалаға қарапайым тұрғындармен бірге мәскеулік, петебургтік жобалаушылар атакты архитекторлар В.Н. Львов, А.В. Будассилер тартылды.

– Мұхамеджан Тынышпаевтың басылығымен қалада бұрынғы балықтан салынған үйлердің орнына кірпіштен тұрғызылған тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттар бой көтерді. Қала құрылысы бойынша олардың салтанатты көрінуі үшін үкіметтік жекежайларды, әкімшілік ғимараттарды безендірген кезде пішінделген бағаналар, мандайшалар, кессондалған ағаш төбелер сияқты классикалық әдіс қолданылды. Өкінішке қарай, олардан қалған 1927 жылы салынған, қазіргі Желтоқсан көшесіндегі 18 үй ғимараты ғана қалды, – деді тарихшы.

Осыдан 1 ғасырдай уақыт бұрын Қызылорда атауы қабылданып, ұлттымыздың қазақ атауы қайтарылғанын білеміз. Сол заманда Қызылорда ел астанасы болған кез еді. Қала орталығындағы қазіргі заманның архитектура стиліне ұқсамайтын мекеме бұрын қандай ғимарат болған?

1927 жылы ғимаратта қалалық атқару комитеті 60 жылдан астам уақыт жұмыс

істеп, 1990 жылға дейін тұрған. Кеңес дәуірінің басқару жүйесіндегі жергілікті атқарушы орган болған. Бұл КСРО кезінде әрбір қалада жұмыс істеп, қалалық кеңестің шешімдерін іске асырумен айналысқан. Жарық, су, тұрғын үй, білім беру тағы да басқа әлеуметтік-экономикалық даму жолында қызмет атқарған. Яғни қазіргі қалалық әкімшіліктің құзіретіне кіретін барлық жұмыстар іспеттес. Ғимарат алдында Ыдырыс Қалиұлының ескерткіші қойылған. Ол 1925 жылы Қазалы ауданында туған. 1943-1950 жылы кеңес армиясының қатарында қызмет еткен, екінші дүниежүзілік соғыс ардагері. Кейін, облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін жасады. Ол төраға боп тұрған уақытта облыстың экономикасы мен мәдениетін көтеруге айырықша үлес қосқан. Екі қабаттан тұратын ғимараттың биіктігі 6,5 метр. Құрылысы XX ғасырдың басында салынып, 1991 жылдан бастап «ҚазАвтоЖол» Қызылорда филиалы мекемесінің төңірегінде. 2017 жылы жөндеу жүргізілген бұл көне ғимарат жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

Думан КЕҢШІЛІК

Басы 1-бетте

Маңдайдан аққан әр тамшы жерге түсіп дән болар...

Ализат Думанұлының ауылшаруашылығы саласының ыстығына күйіп, суығына тоңып жүргеніне биыл тұп-тура 30 жыл болады екен. Мектеп бітірген жылы асқақ армандарға көз тігіп, үлкен қалада оқуды ойлады. Біраз өзінен кейін өкшесін басып келе жатқан бауырлары мен осы салада жүрген әке-шешесіне бір қарады. «Үлкені мен ғой» деді де, қалаға бет бұрған қатарластарынан қалып, ауылда еңбек етемін деп шешім қабылдады. Мамырда мектеп бітірген ол сол жылы тамызда трактор тізгіндеді.

– Бұдан жаман болмадым. Отбасылы болдым. Кішіге ақыл айтып, үлкеннен бағыт алып келеміз. Әлі де үйренерім көп, айтарым да бар. Маңдай терінді адалынан төксең, дәрежең де биік. Абыройың да асқақ. Алдымызға мақсат қойып, көктемде рулге отырып, қара күзде бір-ақ түсеміз. Тракторге байланысты қандай жұмыс бар, оның ешбірі маған бөтен емес. Басшылық бөледі, сол бөлініспен кетеміз. Бірақ осыған дейін талай жүлделі болдық, сабантойда марапат мінберіне шыққан кездерім де жетерлік. Шүкір, – дейді Ализат.

Былайғы күндерде кенседе бір сәт салқындатқыш істемей қалса, қолымызға қағазды алып, желдетіп, әрең шыдап отырамыз ғой. Агросалада маңдайынан тері тамшылап, аптап ыстықта шекені тескен күнге де қарамай, егіс даласында елдің ертеңін ойлап жүретін осындай азаматтарды ойға аласың. Төзім мен шыдам, сабырды қажет ететін саланың маңызына терең үнілген Ализат та әрбір іске жауапкершілікпен қарайтынын аңғартты.

– Қазақ «Көктемнің бір күні – жылға азық» деп бекер айтпаған. Біз осы кезде күріш егудеміз. Алақандай ауылдағы менің жұмысымнан не нәрсе шешілер дейсің деп, жалқаулануға болмайды.

Басы 1-бетте

«Яндекс такси» бағасы өзгере ме?

Бұған дейін халық такси қызметін көрсететін платформалардың бағаны негізсіз көтерілетініне байланысты ескертулар жасаған еді. Енді арнайы мониторингтік топ бағаны бақылайтын болады. Бұл туралы бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі хабарлады. Яғни аталған такси қызметі енді ауа райы қолайсыз болса да, мереке күндері де бағаны негізсіз көтере алмайды. Бұл «Яндекс Таксиге» монополияға қарсы комплеанс аясында жүктелді. Агенттік цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, «Яндекс Такси» компаниясының алгоритмдік баға қалыптастыру тиімділігіне аудит жүргізіп, міндеттер орындалмаса айыппұл немесе лицензиядан айыру көзделген.

Яндекс комплеанс аясында бірқатар өзгеріс енгізіп, компания такси тарифтерінің және жол жүрудің базалық құнының қымбаттайтыны туралы агенттікке 3 күн бұрын хабар беруге, әуежай маңындағы кейбір тұрғын аймақтарды тарифтік аймақтан алып тастауға келіскен.

Компания сондай-ақ жол жүрудің базалық құнынан екі есе асатын сомадан комиссия ұстамауға, тарифтердің көтерілуі туралы 3 күн бұрын хабарлауға келіскен. «Эконом» тарифіндегі комиссия екі жылда бір реттен артық көтерілмейді, ал сұраныс жоғары болған жағдайда тарифтің өсуі 95% жағдайда 3 еседен аспауы керек.

– Максималды сұраныс жағдайында тарифті үш еседен артық көтеруге шектеу енгізіледі. Мысалы, ауа райы қолайсыз күндері немесе мереке күндері, мұндай сапарлар әр тоқсанда әр қалада барлық сапарлардың 5%-ынан аспауы керек, бұл талап нақты көрсетілген. Осы жылдың 30 маусымынан кешіктірмей пайдаланушыларға сапар бағасының толық құрылымын қосымшада көрсету керек, – деді баспасөз хабарламасында.

Сонымен қатар «Яндекс Такси» пайдаланушыларды такси қызметтеріне сұраныс деңгейі туралы тұтынушыларға хабарлап отырады. Мәселен, «Эконом» тарифінде сұраныс өте жоғары болған кезде сынақ режимінде виртуалды кезек жүйесі іске қосылады. Мұндай кезде пайдаланушы қанша адамның такси күтіп тұрғанын көре алады және өзіне тиімді тарифті таңдай алады. Егер компания тұтынушыларға жеңілдік жасайтын болса, оған кеткен шығындарды өз мойнына алады.

Такси қызметін көрсететін Яндекс бағдарламасында бағаны арнайы технология реттеп отырады. Мәселен, жаңбыр жауған кезде бәрі такси қызметін пайдалана бастайды. Бұл уақытта сұраныстың артатыны белгілі. Жолаушылардың саны артып, жүргізушілер азайған кезде баға әдеттегіден қымбаттайды.

Қалай үнемдейміз?

Такси шақырған кезде бәріміз бағаға мән береміз. Осы орайда үнемдеу жолдары туралы бірер кеңес ұсынамыз.

Балама нүктесін таңдау. Мысалы, алгоритм кейде ұсынатын картадағы мекенжайға байланысты өзгеріп отырады. Сол себепті таксиге көше бойынан немесе үйдің басқа бұйынан отыру. Бұл арқылы бағаны төмендетуге болады. Өйткені жүргізуші маневр жасау үшін орын іздеуге уақыт жоғалтпайды және баға арзанырақ болады.

Сұраныс аз уақытта такси бағасы арзан болуы мүмкін. Мәселен, қарбалас кезеңде таксиге тапсырыс берсеңіз, баға қымбат болады. Мысалы, үйден таңғы 8:00-ден ерте немесе кешкі 22:30-дан кейін шығуға болады. Бұл кезде баға әлдеқайда арзан болады. Кейде адам көп жиналған жерде такси шақырушылар көбейіп баға жоғарылап кетеді. Мұндай кезде қоғамдық ортадан ерте қайту немесе адам азайған соң такси шақыруға болады.

Басы 1-бетте

Думан КЕҢШІЛІК



бәріне бірдей қайдан жетсін?! Қоғамға еңбегің сіңсе, міне, сол – сенің жетістігің, – дейді Ализат Хамзаев.

Көк тракторды тізгіндеген Әлекең жүйткітіп барады. Ара-тұра артқы терезеден дән сепкішке қарап қояды. Ондағы дән тастар саңылау бітеліп қалса, еңбектің де еш кеткені ғой. Үлкен ақ орамалмен маңдайын сүрткіп, жан-жақты барлауды да ұмытпайды.

Біз «Егін бітік болсын» деп тілегімізді айтып, жөнімізге кеттік...

Дәулет ҚЫРДАН



ПЛОТИНА ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?

Қызылорда су торабы – Сырдария өзенінде орналасқан маңызды гидро-техникалық құрылыс. Оның құрылысы 1945 жылы басталып, 1956 жылы аяқталды. Бұл нысанның салынуы аймақтың ауыл шаруашылығын дамытуға және суармалы жерлердің көлемін арттыруға үлкен ықпал етті.

Құрылыс барысында көптеген қиындық кездесті, соның ішінде жұмыс күші мен құрылыс материалдарының тапшылығы, әр елді мекендерден, аудандардан құрылыс басына қажетті қараша үйлер, жылы киімдер, жұмысшылар күші тартылған.

Архив деректерінде Қызылорда су торабы құрылысына 4 млн 136,1мың рубль бөлінсе, кейінгі жоспар бойынша 12 млн 800000 рубль қаражат бөлінген. Негізгі мақсаты – суармалы егіншілікті дамыту, су тасқынының алдын алу еді.

Құрылыстың басшысы болып А.Бектасов сайланған. Тарихи деректерде бұл плотина төрт ауданның Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш, Қармақшы аудандарын сумен қамтамасыз етіп, егіс көлемін 120 мың гектарға дейін көбейтуді жоспарлаған. Сырдарияның суы 6 м көтеріліп, 60-70 шақырым жерге дейін – Сұлутөбе станциясына дейін жеткізілген. Плотинаға 3000 киловаттық күші бар су электр станциясын салу міндеттелген.


Тарихи деректерді тарқатсақ, саны да сапасы да жоғары дәрежеде, одақ бойынша қатан бақылауда болған, тыныс-тіршілігі тоқтаусыз кайнаған- халықтың ауызбіршілігімен, білек күшімен, жұмысшылардың қайсарлығымен, тіпті жапондықтардың да бір кісідей жұмылғанның арқасында көтерген су бөгеті құрылысы әлі де халыққа қызмет етуде. Архив

деректері әлі де тарих сырларын халыққа жариялауда тынымсыз еңбек етеді.

Су торабының арқасында Қызылорда облысы Қазақстандағы ірі күріш өсіруші аймаққа айналды. Сонымен қатар бұл нысан аймақтың экологиялық тұрақтылығын сақтау мен халықты

ауызсумен қамтамасыз етуде де маңызды рөл атқарды.

Дана ҚАЛТАЕВА,
«Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ-нің «Қоғамдық-саяси тарихы» филиалының бөлім басшысы



ОТ - ЖАЛЫНДА ШЫНДАЛҒАН ЖАН

1939
жылы 23

тамыздағы Германия мен

КСРО арасындағы шабуыл жасапау

туралы келісімді фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда бұзып, соғыс

жарияламастан КСРО аумағына тұтқиылдан басып кірді. Гитлердің бұл соғыстағы басты

мақсаты өзі жасаған стратегиялық «Барбаросса жоспары» арқылы соғысты қысқа мерзім ішінде (3-4 ай)

аяқтап, негіздік таза мемлекет құру арқылы әлемдік үстемдікке жетуге деген ұмтылысы еді. Кеңес Одағы адамдарының

патриоттық сезімдері әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстандық жауынгерлер Кеңес әскері құрамында Украинаны,

Белоруссияны, Балтық бойын, Шығыс Еуропа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етті. Міне, осылай Кеңес халқы мен оның Қарулы күштері

бұдан 80 жыл бұрын адам баласының қас жауы фашизмді талқандап, өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап, Еуропа халықтарының фашизмнің қанды

шеңгелінен құтқарып, жеміспаз халық атанды. Жалпы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс Кеңес одағына өте қымбатқа түсті. Елде 27 млн-нан астам адам майданға қаза

тапты. Соғысқа 1 200 000 қазақстандық аттанып, олардың жартысынан көбі елге оралған жоқ. Соғыс оты шарпымаған шаңырақ қалмады.

Қаһарлы күндерде соғыс даласына аттанған майдангерлер қатарында аймақтың қауіпсіздік саласында қызмет атқарған, бүгінгі таңда дүниеден озған батыр ағаларымыз да болды. Солардың бірі де, бірегейі соғыс жылдарындағы аға лейтенант Прмағанбет Жолаушыұлы Үдербаев болатын. Ол 1918 жылдың мамыр айының 20 жұлдызында Қызылорда облысы Сырдария ауданы Сұлутөбе ауылында дүниеге келген. 1936 жылы Сұлутөбе ауылдық мектебін бітіргеннен кейін, Қызылорда теміржол техникумына түсіп, осы оқу орнын 1940 жылы бітірген. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Прмағанбет Үдербаев ағамыз небәрі 21 жаста болған еді. Бозбалалық шағын соғыс алаңында өткізген ол әскер қатарына 1941 жылы қыркүйекте алынып, Прибалтика әскери округінің 2-ші армиясы 943-бөлек батальонының бөлімше командирі, одан кейін Калининград майданының, Прикарпатск әскери округі байланыс полкінің бөлімше командирі, Ленинградта телеграфтық-эксплуатация-

лық ротасының аға желілік механигі лауазымында болған. Жеңіс күнін Ленинград қаласында қарсы алған. Туған жерге араға жеті жыл салып, 1947 жылы оралған.

Соғыс жылдарындағы ерен ерлігі үшін Прмағанбет Жолаушыұлы Үдербаев екі мәрте «Қызыл жұлдыз», екі мәрте 1-ші және 2-ші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен қатар, өзге де 14 медальмен наградталған.

Майдангер елге оралысымен еңбекке етене араласып, Сырдария аудандық кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Қызылорда облыстық мемлекеттік қауіпсіздік саласына Прмағанбет Үдербаев 1949 жылдың маусым айында шақырылды. Бұл арнаулы салада қызмет атқарған жылдары жедел уәкіл, тергеуші, бөлімше басшысына жүктелген міндеттерді өз деңгейінде, абыроймен атқарды. Аты аталған қызметтен 1959 жылы шекті жасына келуіне байланысты «подполковник» әскери шенінде зейнеткерлікке шықты. Жолдасы Күлпаш Сүлейменова екеуі екі ұл, үш қыз тәрбиелеген.

Мен КГБ (мемлекеттік қауіпсіздік комитеті), кейін КНБ (ұлттық қауіпсіздік комитеті) саласына 1981 жылдың қаңтар айында жұмысқа шақырылып, Минск қаласындағы КГБ СССР жоғарғы мектебіне оқуға жіберілдім. Жоғарғы мектептегі оқуымды аяқтап, Қызылорда облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитеті басқармасына 1982 жылдың қаңтар айында қызметке жоллама алдым.

Сол жылдары басқарма қабырғасында күнделікті жұмыстармен қатар, даталы күндерге арналған салтанатты жиналыстар өтетін еді.

Бұл жиналыстарға басқарманың жеке құрамымен бірге мен білетін соғыс ардагерлері, аға буын чекистер: Акай Альменов, Николай Шастов, Төлеген Ідірісов, Алексей Кузменко, Прмағанбет Үдербаев, Николай Прачкин, Сергей Галкин, Әбдібек Қарбаевтар да шақырылатын. Сонымен қатар ардагерлер басқармада өтетін жас буын қызметкерлерді жеке құрамға қабылдау рәсіміне және оларға патриоттық тәрбие беру ісіне белсене араласып тұрды. Олар көпшілік алдында өздерін өте қарапайым, ізетті және мәдениетті ұстайтын. Соғыс туралы жұмған аузын ашпайтын.

Осындай кезекті салтанатты іс-шара 1983 жылдың желтоқсан айының 20 жұлдызында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) құрылған күніне арнап өткізіліп, бір топ жас буын офицерлер – біздерге, соғыс ардагерлері өз қолдарымен чекистік жолдама мен жеке табельді қару - пистолет Макарованы тапсырған болатын. Кезегім келген сәтте қару мен жолдаманы ардагер-чекист Үдербаев Прмағанбет Жолаушыұлы ағамыз өз қолымен маған тапсырып, қызметіме сәттілік тілеген еді. Мен де өз тарапымнан ол кісінің сенімін ақтап, жұмыс бабында ұятқа қалдырмайтынымды, еліміз бен жеріміздің біртұтастығы, оның қауіпсіздігін сақтау ісіне аянбай қызмет ететіндігімді білдірдім. Мемлекеттік және Ұлттық қауіпсіздік саласындағы отыз жылға жуық өткізген әскери өмірімдегі қол жеткізген жетістіктерім, оның ішіндегі басшылық қызметтерде абыройлы болып, мерейімнің үстем болуы Прмағанбет Жолаушыұлы ағамыздың сол кездегі маған арнаған ақ тілегі мен ықылас-пейілінде болса керек деп ойлаймын.

От пен оқтың ортасынан аман-есен оралып, мемлекеттік қауіпсіздік қызметінде абырой биігінде болып, өзінен кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық із қалдырған ауылы азамат 1992 жылдың шілде айында дүниеден озды.



1939
жылы 23

тамыздағы Германия мен

КСРО арасындағы шабуыл жасапау

туралы келісімді фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда бұзып, соғыс

жарияламастан КСРО аумағына тұтқиылдан басып кірді. Гитлердің бұл соғыстағы басты

мақсаты өзі жасаған стратегиялық «Барбаросса жоспары» арқылы соғысты қысқа мерзім ішінде (3-4 ай)

аяқтап, негіздік таза мемлекет құру арқылы әлемдік үстемдікке жетуге деген ұмтылысы еді. Кеңес Одағы адамдарының

патриоттық сезімдері әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстандық жауынгерлер Кеңес әскері құрамында Украинаны,

Белоруссияны, Балтық бойын, Шығыс Еуропа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етті. Міне, осылай Кеңес халқы мен оның Қарулы күштері

бұдан 80 жыл бұрын адам баласының қас жауы фашизмді талқандап, өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап, Еуропа халықтарының фашизмнің қанды

шеңгелінен құтқарып, жеміспаз халық атанды. Жалпы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс Кеңес одағына өте қымбатқа түсті. Елде 27 млн-нан астам адам майданға қаза

тапты. Соғысқа 1 200 000 қазақстандық аттанып, олардың жартысынан көбі елге оралған жоқ. Соғыс оты шарпымаған шаңырақ қалмады.

«Парыз» конкурсына қатысуға шақырамыз

«Парыз» — бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі Қазақстанның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәрбиені енгізуге ынталандыру мақсатында жыл сайын өтетін конкурс.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, «Атамекен» одағы Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы – конкурстың ұйымдастырушылары.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері қатысатын конкурс өңірлік және республикалық деңгейлерде өткізіледі.

Конкурс лауреаттары атақтары «шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі», «ірі кәсіпкерлік субъектісі» санаттарында келесі номинациялар бойынша беріледі:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын». Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді, еңбекті қорғауды, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және т. б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады.

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын». Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

3) «Үздік ұжымдық шарт». Бұл номинацияда ҚР заңнамасында қарастырылған, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қарастырылады.

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін». Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

Конкурсқа қатысу тегін.

Үміткерлер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысшыларының және қоғамның әл-ауқатын жақсартуға, оның ішінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін айқындайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға міндетті.

Бағдарламалар және олардың жобалары өз бетінше және/немесе жергілікті атқарушы органдармен, азаматтық қоғам институттарымен әріптестік сипатында, әлеуметтік саладағы оң өзгерістерге қол жеткізуге бағытталуы қажет.

Әлеуметтік жауапкершілік бәсекелестікті арттыруға бағытталуы тиісті.

Конкурсқа келесі үміткерлер қатыса алады, яғни:

1) қызметін 3 жылдан астам уақыт жүзеге асырған;
2) жойылуды сатысында емес, банкроттық деп танылмаған;

3) еңбек заңнамасының бұзылуына жол берілмеуі керек, оның ішінде жалақыға және жұмысшыларға төленетін өзге де төлемдер бойынша қарызының болмауы қажет;

4) жұмысшыларымен ұжымдық-еңбек даулары болмауы қажет;

5) Қазақстан Республикасының аумағында саяси, кәсіподақ және діни ұйымдардың іс-әрекетін қолдауға бағытталмаған әлеуметтік және қайырымдылық шараларды жүзеге асырған;

6) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдегі ақпараттар шынайы көрсетілген, сонымен қатар құжаттарын толық көлемде тапсырған.

Үміткерлер келе құжаттарды тізімге сәйкес жергілікті жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына немесе бөлімдерге 2 данада ұсынуы қажет:

1) осы ереженің қосымшасына сәйкес толтырылған өтінім;

2) үміткердің қызметінің деңгейін бағалауын және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің нақты нәтижелерін сипаттайтын есептілік.

Есептілікте келесілер қамтылуы қажет:

- заңды немесе жеке тұлғаның тарихы;

- ұжымдық құрылымы;

- өзге де қосымша ақпараттар;

3) есептілікте қосымша ретінде ұжымдық шарттар мен өзге де құжаттардың көшірмесі қамтылуы қажет;

4) қосымшаға сәйкес сауалнаманы толтырып ұсынуға.

Соңғы екі жыл ішінде лауреат болған номинация бойынша қайтадан қатыса алмайды.

Конкурста «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы бекітіледі.

Бұл арнайы сыйлықта бизнес іске асыратын, халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына және (немесе) тұрмыс жағдайларын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар қарастырылады.

Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер жергілікті атқарушы органдарға материалдарды бір данада ұсынады, оларда:

1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;

2) үміткердің өз қызметінің деңгейін өзін-өзі бағалауын және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша нақты нәтижелерін білдіретін есебі болады;

Үміткердің есебінде: заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның тарихы, ұжымдық құрылымы, өзге де қосымша ақпарат.

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген нысанда толтырылған сауалнама болуы тиіс.

Нақты ақпарат пен кеңесті келесі мекенжайдан алуға болады:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекенжайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 каб., тел.: 26-38-20 немесе Ғ.Мұратбаев көшесі 1Д мекен-жайында орналасқан Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, 3 қабат , 12 кабинет ; тел: 71-16-51.

Қалдыбек ЖАНӘЛІУЛЫ,
ҚР ҰҚК құрметті ардагері

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

ЖИЫРМА БІРІНШІ ҚАРА СӨЗ

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін.

Үлкендік – адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қыламын. Яғни надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады.

Екінші, мақтаншақ деген біреуі: «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, ку десін, пысық десін, әрнешік не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады.

Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам.

Екіншісі, өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі, өз үйіне келіп айтпаса, яки ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол – наданның наданы, ләкин өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді.

ӨНЕР МЕРЕКЕСІ
МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Румыния, Грузия, Қырғызстаннан және еліміздің әр өңірінен келген шығармашылық ұжымдар сырбойылықтарға түрлі тақырыптағы қойылымдарын ұсынды. Фестивальдің жабылу кешінде қазылар алқасы топ жарған үздік театр қойылымдарын марапаттады. Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов театр ұжымдарының еңбегін атап өтіп, оларға алғысын айтты.

Асанәлі Әшімов фестивальді ұйымдастырған басшыларға алғысын айтты. Театрдың 70 жылдық мерейтойына 70 жыл бұрын театрда алғаш ойнаған рөліндегі монологоммен бастап Абыз Қорқыттың өсиетін жеткізді.

– 70 жылдық мерейтой театр үшін үлкен жас емес. Дегенмен облыс басшыларының көзқарасы өнерге оң болса өнер дамиды. Өнер дамыса – халық та дұрыс болады. Жің-жің өткізіп тұрсандар



– Сыр өңірінде аталып өткен 70 жылдық мерейтой өз мәресіне жетті. Театр тек сахна емес ұлт рухының биіктігін танытатын өнер. Бұл тек бір театрдың ғана емес күллі қазақ елінің мерекесі деуге әбден болады. Халықаралық деңгейдегі Грузия, Румыния және Қырғызстан мен еліміздің 11 кәсіби театр ұжымдары қатысты. Осы апта көлемінде олар тәжірибе мен шеберлік сағаттарын өткізді. Бір апта көлемінде Сыр халқына рухани демалыс сыйлаған өнерпаздарға алғысымызды айтамыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Арнайы кеште «Үздік актерлік ансамбль», «Ең үздік суретші», «Ең үздік ер бейнесі», «Ең үздік әйел бейнесі», «Ең үздік пластикалық шешім», «Екінші пландағы үздік ер бейнесі», «Екінші пландағы үздік әйел бейнесі» номинациясының иегерлері марапатталды. Өз кезегінде сөз алған Қазақстан театрлар ассоциациясының президенті

Сәбираның аруағы риза болар. Мен де Сәбира Майқановпен сахналас, дастарқандас болдым. Көрші тұрған уақытта анам кеуей шүйіркелесіп, шай ішетін, – деді ол.

Халықаралық фестиваль қорытындысы бойынша бас жүлдені А.Островскийдің «Найзағай» драмасымен Н.Бекжанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры иеленді. Ал І орынға С. Елубайдың «Хансұлу» перформансымен Атырау жастар театры, ІІ орынға М.Каримнің «Ай тутулан тундо» драмасымен Т.Абдумомунов атындағы Қырғыз ұлттық академиялық драма театры лайық деп танылды. ІІІ орынды У.Шекспирдің «Гамлет» драмасын ұсынған Грузиядан келген Н.Думбадзе атындағы мемлекеттік кәсіби балалар мен жасөспірімдер театрына бұйырды.

Думан КЕҢШІЛІК

Басы 1-бетте

АҚ ЖАУЛЫҚТЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ТІРЕГІ

Ана жүрегінің жылуды күллі табиғатты күш шуағындай нұрландырады. Ананың ыстық алақанынан әлемге шуақ тарайды. Жаратушы неміздің адамзат баласына өмір сыйлау құдіретті күшін анаға дарытып, аманаттағанының өзі ананың бейнесі мен киесін асқақтатады.

Сыр бойы аналарының ақ отауына айналған «Анаға тағзым» орталығы жанына жылылық пен мейрім сыйлап, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беріп, отбасылық құндылықты нығайтып, еңбек адамдарының өнегелі өмірін дәріптеп, қазақ әйелінің рухани бейнесін қалыптастырып отырған мәдени нысан болуымен құнды.

басқа да елге өнегесімен танылған, отбасы мен жұмысты қатар алып жүрген әйел-аналарға деген зор құрмет екенін терең сезінеміз.

«Анаға тағзым» орталығы директоры Алтынай Молжанованың айтуынша, ел экономикасының дамуына, қоғамдағы гендерлік теңдікті нығайтуға, отбасылық тұрақтылығы

адал еңбегі мен жетістігін дәріптеп, өскелең ұрпаққа өнеге ету, қоғамдағы рөлін насихаттау.

Шнелі ауданынан бастау алған шара аймақ көлемінде ұйымдастырылды. Оған механизматор, гүйеші, кран жүргізуші, тігінші, аспаз, тазалықшы, технолог, қоймашы секілді түрлі салада жемісті еңбек етіп



сактауға үлес қосып жүрген жұмысшы әйел-аналарды ардақтау шаралары орталықта тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді.

– Орталық ашылғалы бері мұнда күн сайын тағылымды, аналар қауымына берері мол іс-шаралар өтуде. Мәселен, жұмысшы мамандығы дәріптеліп жатқан тұста «Гүлдей нәзік, болаттай берік» атты облыстық жұмысшы арулар фестивалі – аймақтағы жұмысшы қыз-келіншектердің кәсібилігі мен шығармашылығын көпшілікке танытқан шара болды деп айта аламын. Фестиваль мақсаты – қарапайым еңбек адамдарының

жүрген 60-тан аса қыз-келіншек қатысты. Фестивальдің қорытынды шарасы «Анаға тағзым» орталығында өтті. Әр ауданнан арнайы келген жұмысшы арулар клуб-студиялардағы шеберлік сағатына қатысты. 12 қатысушыға «Еңбегімен көрікті», «Құрыш білек», «Адал табыс», «Кәсіби шебер» номинациясы берілді, – дейді ол.

Орталық басшысының айтуынша, «Анаға тағзым» орталығы бәсекелестік бәйгесіне сай ұшқыр ойлы, зияткер ұрпақ тәрбиелеу бағытындағы танымды жобаларға ұйытқы болуда.

Мәселен, «Анаға тағзым» орталығының ұйымдастыруымен облыста алғаш рет «Ойтобе» отбасылық зияткерлік квест ойыны өткен. Жоба мақсаты – ұрпақтар сабақтастығы мен отбасы құндылығын насихаттап, қарым-қатынасты нығайту.

Білімді, коммуникативті, ізденімпаз әрі тапқыр отбасыларды даралайтын топтық квест ойыныға облыс бойынша 20 отбасы қатысқан. Олар «Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен әйелдер», «Батыр бабалар», «Сыр елі – жыр елі», «Зиялылар», «Салтын сақтаған Сыр елі» секілді 50 сұрақтан тұратын 5 кезең бойынша өзара бақ сынады. Интеллектуалды сайыс шартына сай, қатысушы топтар арнайы картада жасырылған орынға барып, қазақ халқының дара тұлғалары, салт-дәстүр, ел тарихына қатысты сұраққа жауап беруі тиіс. Картада жасырылған орынға жету үшін командалар жауа немесе қоғамдық көлікпен жүріп, арнайы хэштегпен әлеуметтік желіде бөлісіп отырды.

– Алыға ұрпақтың болашағына алаңдаушылық һәм жауапкершілік орталықта «Даму LIFE», «Creative urban tour», «Ойтобе» отбасылық зияткерлік квест ойыны секілді бірқатар жобаны жүзеге асыруға ықпал етті. Бұл бастамалар смартфонды серік еткен жасөспірімдерге ой еңбегі мен қол еңбегін ұштастыра отырып, тәрбие беруді көзделді. Сондай-ақ өскелең ұрпақ игілігіне бағытталған «Бір шауғым шай», «Апа TIME», «Тілге тиек», «Bir tolyunda», «Soul құрбым» секілді бірқатар төл бейнеөнімдер де тұрақты түрде ақпараттық кеңістікте насихатталуда, – дейді орталық директоры А. Молжанова.

Бір жылда орталықта 25 000-ға жуық адамға қызмет көрсетіліп, сырбойылық қыз-келіншектерге рухани-адамгершілік бағытта парасаттылық дәрісі мен шеберлік сағаты өткізіліп, психологиялық кеңес берілген. Орталық жанынан «Креатив хабы» құрылып, «Брендке бір қадам...» сауда-көрмесі арқылы аймақтың 20-ға жуық креативті индустрия өкіліне өз өнімдерін көпшілікке жарнамалауға, табысын арттыруға мүмкіндік жасалған.

Ұлтмыздың өміршен өнегесін өшірмеуді мақсат тұтқан «Анаға тағзым» орталығының тәлім-тәрбиелік мәні зор байытты бастамалары алдағы уақытта да жарасымды жалғасын таба бермек.

БАҚЫТЫМ ТҰР
ЖАНЫМНЫҢ АЗАБЫНДА..

Аруана шаққандай тулыпқа мұң,
Фәни - жалған есігін құлыптадым.
Сінген барып ғайыпқа өзіме аян,
Кеше алмайтын басқалар ұлық

халім.

Ақынның жан азабын кешкендегі халі қиын болғанмен, бақыты сол өлеңнің өзегінде тұрғаны қандай ғанибет. Әрине, ол тылсым сезімнің күшін ақын жүрегі ғана сезеді, себебі ол бейқұна, ол әрдайым ояу, әрқес сезімге елти біледі.

Түсінбеске емес хал тұк те ғажап,
Орындалып арманның біткені аз-ақ.
Маңдайына жазылса көрер шайыр,
Көтере алмас кайтемің жүктеп азап.

Ғұмырында табады ақылды

Тылсым - ғайып аулына жақын

Періште де, жын да өзін, шабыт

Осыдан соң келе ме, ақын болғын...

Иә, дүние мамыражай болғанмен, ақынның жан дүниесі шабыт қысқанда лезде аласапыран күйге түседі. Бірде ысып, бірде суып, толғағы келген өлеңді тудырадағы күйзелісі мен жан тебіренісін ақынның өзге ешкім түсінбейді. Бұл тек бір Аллаға аян...

Найзағайдай жасын
жырларымен жарқ етіп, елдің
жүрегін жаулап алған белгілі
ақын Елубай Әуезовтің тереңнен
тамыр тартқан пәлсапалық ой
орамымен тәңгі еткен өлеңдерін
жүрегінде көзі бар жырсуіер
қауым сүйіп оқыды. Ақыл-
парасатпен ескіліп, тұмса
табиғатпен нәрленіп жазылған
өміршен жырлар, адамның он
бойын жалынымен шарпып,
сезім шуағымен жан дүниенді
жылтытатыны бәлкі өлеңнің
құдіреті болар..
Бір сәт Елубайдың өлең өлкесіне
сапар шексен, сол сезімді
бірге кешесін..
Еркін айтқан қымсынбай наз
аруға,
Ұмтылғаным Аллаға тазаруға.
Соншама ауыр бұл өлең
көрінгенмен,
Бақытым тұр жанымның
азабында.

Білем сапар алыс тым,
Әуеселсін андайын.
Жыр жалына жабыстым,
Өлмейін де, қалмайын.

Өлең сөзін көкпар ғып,
Олай-бұлай лақтырдым.
Бір күні кеп қонар құт,
Есік қағар бақ мүмкін.

Ия, қазір күлкілі,
Іште қанша жатыр шер.
Ақын болам бір күні,
Атағынан ат үркер.

Өзі жырлағандай, Елубай «атағынан ат үркер» ақын екенін мойындатып келеді. Өлең өлкесінде өзіндік өрнегі бар, талғам таразысына сай өресі биік жырларымен талай биікті бағындырып жүрген ақын өткен жылы 7 бірдей жыр кітабының тұсауын кесіп, елдің ыстық ықыласына бөленген еді. Талғамы биік көрерменнің алғаусыз құрметіне ие болып, облыс әкімінің «Тұран» сыйлығын иемденген болатын. Міне, биыл да «Жан азабындағы бақыт» жыр жинағы үшін халықаралық «Алаш» сыйлығына лайық деп танылып, аймақтың абыройын асқақтатты. Жемісін құтты болсын!

ӨМІРШЕҢ ТҰЫНДЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Қорқыт Ата атындағы университеттің OPEN SPACE кітапхана-сында «Әлемді ғылым құтқарады» атты ғылым айы іс-шарасы аясында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия докторы(PhD), қауымдастырылған профессор Мүсілім Әмзенин «Қазақстанның дирижерлік өнері» монографиялық еңбегінің тұсауескер рәсімі өтті. Тағылымды шараға өмірімізге белгілі ғалымдар мен өнер қайраткерлері қатысты.

Айта кетейік, жалпы дирижерлік өнердің ғылыми зерттелуі кемшін қалғаны рас. Көбінде ғылыми еңбектер орыс тілінде жарық көрген. Осы олқылықтың орнын толтыратын бұл монография еліміздегі дирижерлік өнер тарихына қосылған елеулі еңбек.

География ғылымдарының кандидаты, доцент, университеттің бас редакторы Қали Омаров бұл монографиялық еңбектің әсіресе өнер өкілдері, дирижерлік салада жүрген кәсіби мамандар мен студенттер үшін, жалпы оқырман үшін олжалы туынды екенін тілге тиек етті.

– Сілтемеге қарасаныз, 200-ге жуық әдебиеттер мен архивтік материалдарды пайдаланған. Шығармашылық қызметпен қатар архивті аралап, жүйелі еңбек жасаған. Менің байқағаным, кітаптың зерттеуіндегі 3-ші кезең 2010 жылмен аяқталып тұр екен. Қалған жылдар І монографияға жүк болды деп ойлаймын. Бүгінгі 336 беттік монографияға қыруар мақаланы сыйғызған. Стилі қатып қалған ғылыми емес, публицистикалық стилмен еркін жазылған. Жана туынды қалың оқырманның көз-айымына айналсын, – деді ол.

Мұнан соң сөз алған «Қоғамдық келісім» мекемесінің директорының



орынбасары Асылбек Тенелұлы, Қорқыт ата атындағы университеттің «Дәстүрлі музыка өнері және хореография» білім беру бағдарламасының профессоры, белгілі дирижер Кеуілмжай Ботабаев, дирижерлер Гүлдәрі Ізбанова, Мақсат Мұхамеджанов, Руслан Балмасов монография туралы пікірін білдірді.

Шынында, автор дирижерлік саланың тарихы бастауы, алғышарты, қалыптасуы мен даму жолын терең зерделеп, оның өнер әлеміндегі рөлі, кәсіби құзіретіне көркем құбылыс ретінде арнайы назар аударған.

Бұл туынды облыстық симфония оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Мүсілім Әмзенин екінші зерттеу жұмысы. Бұған дейін автордың «Мәлік Жаппасбаевтың музыка мұрасы» атты оқу құралы жарық көрген болатын.

Кеш соны әйгілі дирижер-композиторлар Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди, Нұрғиса Тілендиев және Қапан Мусиннің ән-күйіне ұласты

Бетті дайындаған Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәзімтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391

Тансырыс №726

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК